

Author contributions

Bagysh A. Gabdulina – developed the overall concept and structure of the study, defined its theoretical and methodological foundations, participated in the discussion and interpretation of the results, summarized the data, and prepared the final conclusions and the final version of the article.

Askhat M. Sunchaliev – collected and systematized archival and statistical materials, carried out historiographical and source analysis, prepared analytical tables, and compiled the bibliography.

Aizada D. Baltabayeva – determined the structure and composition of the article and contributed to its formatting and alignment with the established requirements.

ҒТАХР 03.20.00

ХІХ ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДАҒЫ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚУ-АҒARTУ САЛАЛАРЫНЫҢ АЛҒЫШАРТТАРЫ МЕН ДАМУЫ

К. Болатова

Alikhan Bokeikhan University, Семей, Қазақстан Республикасы

<https://orcid.org/0000-0001-8235-8484>

e-mail: Kalamkas_17_81@mail.ru

Андатпа. Мақалада ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы Шығыс Қазақстандағы білім беру және оқу-ағарту ісінің қалыптасуы мен даму ерекшеліктері жан-жақты қарастырылады. Аталған кезеңде аймақта орын алған әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, патша өкіметінің отарлық саясаты, сонымен бірге жергілікті халықтың мәдени және рухани сұраныстары оқу-ағарту жүйесінің алғышарттарын айқындады. Зерттеуде алғашқы мектептердің ашылу барысы, олардың құрылымдық ұйымдастырылуы, оқу бағдарламалары мен тәрбие жүйесі талданады. Сонымен қатар мектептер мен медреселердегі оқыту әдістері, мұғалімдердің дайындығы мен қоғамдағы мәртебесі көрсетіледі. Дәстүрлі өмір салты мен ағартушылық идеялардың ықпалы негізінде білім мазмұнының жаңаруы және екі мәдениеттің өзара әсері айқындалады. Оқу орындарының аймақтың әлеуметтік-мәдени өміріндегі рөлі, олардың ұлттық сана-сезімнің өсуіне, қоғамның рухани жаңаруына және мәдени интеграцияға тигізген ықпалы ерекше назарға алынған. Мақалада тарихи-сипаттамалық, салыстырмалы-аналитикалық және архивтік деректерге сүйенген әдістер қолданылып, нақты құжаттар мен басылымдар арқылы жүйелі талдау жүргізілді. Қорытындысында бұл кезеңдегі білім беру ісі халықтың ағартушылық ұмтылыстарын күшейтіп, ұлттық білім беру дәстүрлерінің орнығуына, жергілікті интеллигенцияның қалыптасуына және аймақтың мәдени дамуына негіз қалады деген тұжырымға қол жеткізілді. Зерттеу бұдан бөлек білім ұғымының эволюциясын, әйелдердің оқу процесіне тартылу деңгейін, бос уақыттағы оқыту тәжірибелерінің қалыптасуын және қоғамдық ағартушылық қозғалыстардың даму бағыттарын да ғылыми тұрғыда талдайды, соның нәтижесінде аймақтық ағартушылық тәжірибенің жалпыұлттық ағартушылық үдерістермен өзара байланысы мен тарихи сабақтастығы айқындалады.

Түйін сөздер: Шығыс Қазақстан; Халық Ағарту; білім беру; патшалық Ресей; зерттеуші; губернатор; бастауыш мектептер; гимназия; приходтық училище; кітапхана; ұлт зиялылары.

Кіріспе

XIX ғасырдың екінші жартысындағы Шығыс Қазақстан аймағындағы білім беру мен ағарту ісін сипаттауда жалпы осы кезеңге дейінгі аймақтағы халықтың білім деңгейінің қалптасу жайын, негізін теориялық тұрғыдан зерттеудің маңызы өте зор. Осы мәселе жөнінде XVI-XVII ғғ. Сібірдегі білім беру жайын сипаттай отырып, белгілі Сібір зерттеушісі Н.М. Ядренцев бұл дәуірді «толық надандық кезеңі»- деп суреттейді. Осы кезеңде Қазақстанның Шығыс аймағында көзі ашық, орысша сауаты бар адамдар тек ресми қызметкерлер арасында ғана басым болды. Тек Қазақстан толғымен Ресей бодандығын қабылдағаннан кейін ғана XVIII ғ. бас кезеңінен бастап орыс білімі мен танымы Қазақстанның Шығыс аймағына қарай аяқ басты.

XIX ғасырдың бас кезеңіндегі Қазақстан тарихына көз жүгіртсек, екі түрлі үлкен кезеңдік ерекшеліктерді көреміз. Бірінші кезең - қазақтың білімі өз ішінде қайнап жатқан уақыт. Ресей тек отарлау мақсатын көздеп, шекарасын нығайтумен айналысты. Алғашқы кезеңдегі отарлаушылардың өздері бағындарған өлкесін мәдени игеруге, оқу білім нұрын шашуға ниеті де, мүмкіндігі де, әрі деңгейі де болған жоқ. Сондай-ақ, бұл кезеңде қазақ халқының білім сапасы мен оқу-сауаттылығы да жоғары болды деп айта алмаймыз.

XIX ғ. басында қазақ елі ішінде тыныштық орнап, ішкі Ресей өлкесінен, Сібір мен Еділ бойынан сауатты адамдар қазақ даласына келе бастады. Ресей үкіметі де көшпелілер арасынан сыр тарту үшін орысқа берілген моллаларды Қазақстанның шығыс аймағына жиі жіберді.

XIX ғ. басынан ашыла бастаған шіркеу жанындағы мектептерде мұғалімдер қызметін атқарған дьяктар мен отставкадағы солдаттардың шала сауатты болуы себепті аталмыш мектептер сапалы білім бере алмады. Сонымен, аймаққа білім беру негізін қалыптастыруда XIX ғасырдың екінші жартысындағы Батыс Сібір өлкесінің әкімшілік орталығы Омбы қаласында ашылған оқу орындарының маңызы өте зор болды.

XIX ғасырдың бірінші ширегінде қазақ өлкесінде тағы да бірнеше оқу орындары ашылды. Атап айтқанда, 1850 жылғы 22-ші тамызда Орынбор қаласында алғаш рет жеті жылдық қазақ мектебі ашылды. Оның мақсаты ауылдарда келешекте ашылатын мектептер үшін мұғалімдер дайындау болды. Мектепте орыс, қазақ, татар тілдері, арифметика, география, тарих пәндері оқытылды. Аталған мектепті Ы.Алтынсарин үздік бағаға бітірді. Мектеп өзі жұмыс атқарған 19 жылдың ішінде 48 адамға мұғалімдік мамандық берді. Олардың көпшілігі кейіннен өз мамандықтары бойынша қызмет атқарды.

Оқу-ағарту саласындағы біршама ілгерілеушілік 1860 жылғы реформалармен тығыз байланысты болды. Ресейдің орталығында басталған бұл игі өзгерістер 70 жылдары қазақ жеріне де жетті. Ақмола, Семей, Торғай облыстарында ондағы бастауыш мектептер ашылып, гимназиялар ашуға дайындық жүрді.

XIX ғасырдың II жартысында Шығыс Қазақстан өңірінде мектептермен қатар кітапханалар, оқу үйлері, жеке мамандықтар бойынша бірнеше оқу мекемелері пайда болды. 1863 жылдан бастап Қазақстанның Шығысындағы ірі қалаларында қыздар гимназиялары ашыла бастады (Ядринцев Н.М., 1892.).

XIX ғасырдың екінші жартысындағы зерттеушілер еңбектерінде «... азды-көпті білімі бар әскерилер, аз пайыз болса да білімді бюрократ шенеуніктер сауатты тап болып есептелетін, бірақ бұқара халықтың жалпы сауаттылық деңгейі өте төмен болатын » деген ақпараттар әсіресе Қазақстанның Шығыс өңірі жөнінде көптеп жазылды.

Осы кезеңде оқу-ағартудағы патшалық Ресей саясатының білім саласындағы бастамасы ретінде Қазақстанның шығыс аймағында да алғашқы мектептер ашылып, жұмыс істей бастады. Осы тұрғыда жыл сайын 500 рубльден қаржы бөлініп отыру жоспарланды. Алайда бұл жарлық барлық аймақта түгелдей дерлік жүзеге аспады. Мектеп ашу мақсатындағы патшалық Ресей тарапынан жүргізілген бастаманың жалғасы ретінде осы жылдары Омбы қаласында жалғыз орталық қырғыз мектебі ашылып, оған генерал- губернатордың жарлығымен Сібір қырғыздары және Семей облысынан жиырма бала мемлекет есебінен

қабылданатын болды. Сонымен қатар, өз ерікімен келіп оқитын оқушылар үшін оқу құралдарын алуға жылына әрқайсысына 5 рубльден қаржы бөлінді. Осы оқу орынын бітірген жекелеген оқушылардың Омбы әскери гимназиясына түсуіне бірнеше орын белгіленді. Әскери гимназияда 1846-1865 жылдары осы өңірмен шекаралас «Шығыс аймақтан 13 қазақ баласы оқыды», - деп көрсетілген қырғыз даласындағы мектептер туралы берілген комиссия төрағасы Ф.Гирстың хабарламасында (Ядринцев Н.М., 1892.).

1854 жылы 1 қазанда Семей облысының салтанатты ашылуы болды. Семей жаңадан құрылған облыстық қалаға айналып, Ресей империясы құрамындағы ең үлкен облыс болды. Семей қаласында 1863 жылы екі оқу орны, соның ішінде бір уездік училище және оның жанында қыздар мектебі, сонымен қатар 2 шіркеу-приходтық училище, 14 казак және 9 жекеменшік татар мектебі болды.

XIX ғ. 60-жылдары Ресей өкіметі Қазақстандағы Халық Ағарту жүйесі жөнінде бірнеше реформалар жариялайды. Мәселен 1867-1868 жылдардағы реформаның жобасын дайындау үшін, зерттеу жұмысын жүргізуге арналған «Дала комиссиясы» атты комиссия құрылды. Бұл комиссия өз жұмысы барысында негізінен екі нәрсеге ерекше көңіл бөледі. Оның біріншісі, қазақтардың бәрін бірыңғай билеп-төструдің жаңаша жүйесі болып табылған «Жаңа низам» деп аталған Ережені 1867 жылдан бастап өмірге енгізу болса, ал екіншісі, қазақтарды келешекте православие дініне ендіру арқылы орыстандыру саясатын жүзеге асыруды көздеді. Содан соң іле-шала 1870 ж. 26 наурызда Халық Ағарту министрлігі ұлттық мектептер туралы бірінші рет заң қабылдайды. Бұл заңда Н.И. Ильминский жүйесі басшылыққа алынады. Аталмыш жүйе ең алдымен, Қазақстандағы халық ағарту ісін орыстандыру және миссионерлік бағыттарда жүргізуді көздейді.

1868 ж. 21-ші қазанындағы Орал, Торғай, Ақмола және Семей облыстарындағы басқару туралы Ережеге сәйкес барлық ұлт өкілдері үшін әрбір уездік басқармада мектеп ашу мәселесі ескерілді. Бұл мектептерді қазына қаржыландыратын болды және мектеп бағдарламаларын халық ағарту министрлігімен келісе отырып, генерал-губернаторлар бекітіп отырған.

Ресей бодандығын толықтай қабылдағаннан кейін жалпы қазақ жерінде, атап айтқанда, Шығыс аймағында орыс тілді мектептерді ашудың негізгі екі мақсаты болды: біріншіден, жергілікті орыс тұрғындарын сауаттандыру болса, екіншіден, патша үкіметіне жергілікті халықтың әдет-ғұрпын, тілін білетін адамдар қажет болды. Патша үкіметі Қазақстанда өзінің қанаушылық және әлеуметтік аппараттарына жұмыс істейтін азаматтарға мұқтаж болды. Сондай-ақ, мектептер ашудың тағы бір қажеттілігі шаруашылық мақсат үшін қажет болды. Тұрғындар балалары қажетті орысша білім алмай қарапайым жұмыстарды атқаруға ұсыныс білдіре алмайтын еді.

Шығыс аймақтағы Патшалық Ресей бақылауындағы XIX ғасырдың 60-70-ші жылдарында мектептерде негізінен сауатты хатшылар дайындау, тағы да басқа қызметтер жұмысында күнделікті шаруашылық байланысты қажеттіліктерді жүзеге асыру мақсатында қазақ балаларына хат таныту қажеттілігі туындады. Алғашқы кезеңде аймақта мектептер ашылғанымен, олар қаржы мен кадрлардың жетіспеуінен жабылып отырған. Тек 1868 жылғы және 1875 жылғы мектеп реформалары негізінде қазақтарды Омбы мұғалімдер семинариясына оқытуға жіберілгеннен кейін, ауылдық және станициялық мектептер саны облыста біртіндеп өсті. Семей қаласындағы әйелдер мектебі 1864 жылы уездік училище жанынан қайта ұйымдастырылып, 2 разрядты әйелдер училищесі болып аталды. 1871-ші жылдан кейін гимназия деңгейіне көтерілді.

Материалдар мен әдістер

XIX ғасырдағы Шығыс өңіріндегі мектептер жөнінде А.Е.Алекторов: «Мектепте балалар қолдарын қусырып, ұзын орындықтарда отырды. Мұғалім оларға қарап, сабақ берді. Негізінен құдай заңдары және табиғат, туыс туғандар жөнінде түсініктеме береді. «Оқушылар құр тыңдау үшін емес, столда тас тақтайларын, кітаптарын, дәптерлерін алып үлкен тақтай мен мұғалім айтқандарын қағаз бетіне түсерді. Олар онымен қатар арифметикалық есептер

шығарады. Мектеп оқулықтары төрт бұрыштау типографияда басылып шығады. Жазу тақталары тастан жасалынған», - деп сипаттайды (Алекторов, 1905).

Өскемен қаласында XIX ғасырдың екінші жартысына дейін мемлекеттік мектептің жетіспеуінен аймақ тұрғындары өз балаларын оқыту үшін Омбыға, Петропавлға, Қазанға, кейде Ташкент пен Бұхараға жіберіп отырды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Шығыс Қазақстанда жеке мектептер қалыптаса бастады. Олар негізінен саяси жер аударылғандар, отставкадағы шенеуніктер, болыстық және селолық писарлар, діни қызметкерлер тарапынан ашылып отырды. Мұндай мектептерде XIX ғасырдың 70-ші жылдары Өскемен уезінің Пропорщикова селосында село писарі тарапынан хат тану мақсатында он бала білім алды. Биструха деревнясында А.Громов балаларды оқытса, Кіші Үлбіде жергілікті отставкадағы шенеуніктен бес бала хат таныды.

Жалпы сол кезеңдегі көзқарас бойынша аймақтың жалпы жергілікті тұрғындары сауатсыз деп танылды. Сауаттандыру жеке мектептермен қатар медреселерде де жүргізілді. Медреселерде балаларды оқуға, жазуға және есептеуге үйретті. Негізінен бұл аймақтағы діни білім беруде негізінен құранды меңгеруге көп көңіл бөлінді. Балаларды құран аяттары мен дұғаларды жаттауға міндеттеді. 1837 жылы Өскеменде татар мешіті жанында мұхаметтік ерлер мектебі ашылды. Онда мұғалім рөлін молда атқарды. Одан кейінгі жылдары казактар үшін мектеп ашылды. Мектеп 9-шы казак полкі мекемесінде орналасты. 1861 жылы осы мектепте жиырма оқушы білім алды. 1860 ж. Өскемен қаласында бір мемлекеттік мектеп болды. 1863 жылы қалада ерлер және әйелдер приходтық училищесі ашылды. Ол ағаш үйде орналасты. 1868 жылы қаладағы ерлер училищесінде 36 бала оқыды. Ал әйелдер училищесінде 12 бала оқыды. 1888 ж Өскеменде шіркеулік-приходтық мектебі ашылды да жылына 25 бала білім алды.

1867 жылы бастауыш мектепте үш жыл көлемінде діни ілім (Закон Божий), орыс тілі, арифметика, таза жазу секілді пәндерді оқып, меңгеруі тиіс болды. Сонымен бірге, онда оқушылар оқитын оқулықтар да аталып көрсетілді. Мәселен, орыс тілі бойынша «Родное слово», Паульсонның «Книга для чтения», діни ілім (Закон Божий) пәнінде «Начатки Христианского православного учения), арифметика пәні бойынша Талановтың құрастыруымен шығарылған «Арифметические задачи» секілді оқулықтар пайдаланылды. Бағдарламада оқушылардың аптасына 18 сабақ (діни ілімнен – 3, орыс тілінен – 8, арифметикадан – 4, таза жазудан – 3 сабақ) дәріс алатындығы да аталып көрсетілген. Жергілікті, станициялық, поселкелік және ауыл шаруашылықты мектептер отырықшы уездерде сауат ашудың басты көздерінің бірі болып табылды. Облыстағы мектептер екі түрге бөлінді. Біріншісі – орыс тілді казак поселкелеріндегі мектептер, екіншісі – мұхамедтік мектептер (қазақтарға, татарларға арналған мектептер). Ауыл шаруашылықты мектептерді қамтамасыз етуге 1887 жылы Семей облысы бойынша 23421 сом 28 тиын қаржы жұмсалған (Обзор, 1904)

Семей тарихи-өлкетану мұражайының «Циркуляр по Западно-Сибирскому учебному округу. Год IV-й № 1-й» атты құжаттар топтамасында Семейде 8 мешіттік мектептер болғандығы, 1865 жылы бұл мектептерде 420 ұл мен 280 қыз бала оқыған, ал соңғылары жиірек сауатты әйелдердің үйлерінде оқыған. Ал, 1881 жылы Зайсанда ерлер приходтық училищесі ашылғандығы жөнінде мәлімет келтірілген (Обзор, 1912).

Қазақ балаларына арналған мектептерінің жетіспеушілігі, оқыту-тәрбиелеу ісінің қанағаттандырмауы себепті көптеген қазақтарды өз балаларын мұсылман мектептеріне беруге мәжбүр болды. Мұсылман мектептері мен медреселері көбіне мешіттердің ішінен ашылған болатын. Ондағы мұғалімдер қызметін молдалар атқарды. Бұл мектептер қайыр садақа немесе байлардың қаражаты арқасында жұмыс істеді. Оқудың негізгі құны нақты белгіленбеді. Ата-аналар молдаға ақша, мал, дүние мүлік, тамақ және т.б. арқылы есеп айырысып отырды. Мектептерде оқу бағдарламасы, оқу мерзімі, сондай-ақ, оқушыларға арналған ешқандай сынып бөлімдер қарастырылмады. Бұл мектептерде негізінен татар, қазақ сауаты мен хат тануға, құранды талдауға және рухани өлеңдерді жаттауға үйреткен. Бұндай мектептердің оқушыларға ешқандайда сапалы білім беруге мүмкіндігі болмады (Обзор, 1912:112).

XIX ғ. екінші жартысында білім беру жүйесіне ерекше назар аударылды. Генерал-губернатор осы кезде қоныстанушылар үшін мектеп ашу қажеттілігін негізгі мәселе ретінде көтерді. Бұл жайында «Еңбек пен өмірдің жаңа жағдайлары, әкімшілік және мәдени орталықтардан алыс болуы, енжар да тағы көшпенділер арасында тұру ... қоныс аударушылар үшін жайсыз, бұл жайт әрі де жалғаса берсе, орыс мәдениетін таратушылардың өзі де көшпелілер деңгейіне түсіп, өз ұлтының артықшылығын жоғалтуы мүмкін. Ағарту ісін, әсіресе, кәсіптік білімді қолға алмай, өлкенің табиғи байлығы толық игерілмейді, не оны пайдалану тиімсіз болады,» - дей келе білімнің отарлау үшін қажеттілігін айқындап көрсеткен (Бобровников, 1913:90)

Талқылау мен нәтижелер

1881 Өскемендегі үш класты приходттық мектеп үш класты қалалық училище болып қайта ұйымдастырылды. 1888 жылы Өскеменде шіркеу приходттық мектеп ашылып, Қазан төңкерісіне дейін ондағы оқушылар саны 25 адамды құраған еді.

Ресейдің Орталық губернияларының қоныстанушылары санының өсуіне байланысты Шығыс Қазақстан аймағындағы мектептер ашу қажеттілігі туындай бастады. Шығыс аймағындағы мектеп жасындағы балалардың 1/2нің білім алу мүмкіндіктері болмады. Әсіресе осы аймақтың ауылдық жерлеріндегі білім беру мүмкіндігі шектеулі болды. Аймақтың ауылдық жерлеріндегі білім беру саласы ақсап жатты. Шаруа балаларына арналған алғашқы мектеп Шығыс Қазақстанның Змеиногорск уезінің селоларында ашылды. Атап айтқанда, Шемонаихада – 1865ж., Бобровкада – 1872 ж., Глубокийде – 1874 ж., Красноярскіде – 1882 жылы (Предгорныйда), Тарханкада – 1886 ж. (Кесте 1), Выдрих пен Секисовкада 1888 ж. ашылды. Жалпы бұл мектептерде білім алып жатқан бүкіл 263 оқушының шаруалардың балалары болуы, уезд тұрғындарының 1/3 бөлігінің мектеп жасындағы балаларын оқытуға мүмкіндігі бар болғандығын көрсетеді. Бұл ең алғашқы көшпелі қазақ тұрғындарына арналып Патшалық Ресей тарапынан ашылған мектептер еді (Ядринцев, 1892: 552).

Кесте 1 – 1886-1887 жж. Змеиногорск уезі бойынша оқушылар саны

Змеиногорск уезі	
Болыстар мен ауылдар атауы	Оқушылар саны
Бобровка	18
Шемонаиха	18
Тарханка	29
Риддер	48
Глубокий	60
Карснорский	89
Барлығы	262

Жалпы бүкіл уезд бойынша 263 оқушы шаруалар балалары арасында білім алуы уезд тұрғындарының 3/1 бөлігінің мектеп жасындағы балаларына білім беруге мүмкіндігі бар екендігін көрсетеді. Бұл ең алғашқы көшпелі қазақ тұрғындарына арналып Патшалық Ресей тарапынан ашылған мектептер.

Аталған кезеңде Өскемен мен Зайсанда ауылдық мектептер болмаған. Олар тек XIX ғасырдың аяққы кезеңінде қалыптасты.

XIX ғасырдың ортасында шығыс пен батысты тұтастырған тұлғалар өте аз еді. Бірақ олар аз болса да, медреселік білімімен көп іс тындырған ғұламалар еді. Сондай түркі жұртынан шыққан ғұламалардың бірі - 1818 жылы Маржан қаласында дүниеге келген Шаһабуддин Бағауиддинұлы. Ол - жәдитік ілімнің негізін қалаушылардың көшбасшысы еді. Араб, парсы және түрік елдерінде болып, сол елдердің тілін меңгеріп, ғылымын игерген атақты білімпаз. Маржани отанына қайтып оралған соң жәдитік бағыт ұстап, Қазаннан «Ғалия» медресесін

ашты. Бұхара, Самарқанд, Ыстанбұл, Мысыр (Египет), Таяу Шығыс сапарларындағы діни тәжірибені жинақтай келіп, исламияттағы қате түсіндірілген қағидалардың шын мәнін уағыздады. Оның жәдидтік ілімі қазақ еліне Семей, Қарқаралыдағы мешіттерде дәріс берген шәкірттері арқылы кеңінен тарады. Абай оқыған «Ахмет Риза» мешіті де сол Маржанидың бағытын ұстанып, ғылымның бар саласын оқытты.

Патшалық Ресей өзінің отарлау саясатын аймақта тереңдете енгізу үшін мемлекеттік мектептерді ауылдық жерлерде ашуды саналы түрде кейіндеттіп отырды. Оның орына бір класты шіркеу приходтық мектептері бірінен соң бірін ашып отырды. Оларда негізінен құдай заңдары оқытылды. Осындай білім беру арқылы Шығыс Қазақстанда да миссионерлік шоқындыру саясаты жалғастырылды. Шіркеу приходтық мектептердің осындай қарқынды ашылуына мысал ретінде Өскемен уезі бойынша төмендегі кестедегі (Кесте 2) деректерді келтіре аламыз.

Кесте 2 – XIX ғ. екінші жартысында Өскеменнің селолық аймақтарында ашылған шіркеу приходтық мектептерінің сандық көрсеткіші

Село атауы	ашылған жылы
Снегировко	1882
Забульбинский слабодасы	1883
Убиньский	1892
Зрянговск	1895
Кондратьевский	1998
Золотоухинский	1998
Огневой	1998
Путинцево	1998

1883 жылы Омбы қаласында «Азиялық училище» атанып келген, жалпы білім беретін әскери гимназия тәріздес оқу орны ашылды. Училищенің негізгі міндеті отарлау саясатына қажетті мамандарды дайындау еді. Бұл оқу орнында қазақтың бір сыпыра азаматтары, атап айтқанда, Шыңғыс Уалиханов, Мұхамедқанапия Бахрамұлы, Мұстапа Бүркітпайұлы т.б. тәрізді XIX ғ. көпшілік қауымға аты белгілі тарихи тұлғалар оқыды.

Орыс-қазақ мектептері шекара бойындағы біршама елді мекенді, станция маңындағы қазақтарды қамтығанымен, орысша сауат алу мәселесін шеше алған жоқ. Мұндай мектептердің жалпы саны елуге жетіп, негізінен-тілмаш, урядник сияқты қызметкерлерді дайындады. Ал ауылдық мектептер ағаш немесе саманнан салынған тар, суық жерлерде орналасты. Кейде ескі шіркеу үйлері құрылыстарында орын тепті. Мысалы: Лосихин мектебі: 1894 жылы шіркеудің кіре берісінде орналасты. Мектеп өте тар, ыңғайсыз және суық болды. Қабырғаларын қырау шалған, сырт киіммен отыру мүмкін емес...», - деп суртеттейді мектеп мұғалімі. Ал Выдрихинский мектебінде «кластар суық, ауа өте тар, нашар жанған пештен түтіннің иісі шығып тұрады, мектеп ғимаратында оқушылар сырт киімдерімен отырады, балаларға өте қолайсыз», - деп суртеттейді (Бобровников, 1913:90).

Осы мектеп мұғалімі өз естелігінде. Шығыс Қазақстан аймағының көптеген мектептері осындай жағдайда жұмыс атқарды. Мектептердің материалдық жағдайы өте төмен болды. Сондықтан аймақ мұғалімдерінің көпшілігі мектептер жабылу алдында тұрғандықтан жағдайы жақсы, ауқатты тұрғындардан материалдық көмек сұраған кездері де болды. 1867 жылы осындай қиын жағдайда тұрған Өскемен приходтық училищесінде «почетный блюститель» Зородов пен оставкадағы шенеунік Паклевский материалдық көмек беріп, училищенің әрі қарай қызмет көрсетуге мүмкіндік жасайды.

Алғашқы кезеңде Шығыс өңірінде балаларды сауаттандыратын білімі жетік мамандар тапшы еді. Ол жөнінде Ертіс қазағы Ф.Усов жазғандай, мектептегі шала сауатты мұғалімдер оқушыларды оқып-жазуға 2-3 жылда да үйрете алмас еді. Мектепте қажетті құралдар: әліппе, алғашқы оқу кітаптары, қауырсын, қарындаштар болмады. Кейбір мектепте қолға түскен кез

келген кітапты оқып, жазуды құмда үйренетін. Көп қазақтар мектептен сауат алмай шығып, кейбіреуі шала сауатты болып шығатын. Ф.Усов ресми құжаттар мектептердегі шынайы жағдайды жақсартып көрсететін деген пікір айтады.

Қалалық дума 100 рубль тұратын Равноапостол князі Владимирдің иконасын сыйлады. Қала қаржысына кітапхана ашылды. Осы кезеңде мектепте түрлі сословиелік: дворян, казак, шаруа, дін қызметкерлері, түрлі шендегілердің православие дініндегі балалары оқыды. 1888 ж. 1 қаңтарында 82 оқушы бар болатын. Оқу ақысы жылына 3 рубльді құрады.

Ал Семей облыстық есептеу басқармасының мәліметі бойынша XIX ғасырдың аяғында осы облыстағы 814 мектепте 3219 шәкірт оқыған. Ал осы кезде аталған облыс тұрғындарының жалпы саны 685 197 адам болса, әрбір 213 тұрғынға 1-оқушыдан келген екен. Яғни, мектеп жасындағы 19-баланың біреуінің ғана оқуға мүмкіндігі болған, қалған 58449 бала, дәлірек айтқанда, мектеп жасындағы барлық баланың 95% оқи алмады. Осындай келеңсіздіктерді шешу үшін Уфадан оқу жоспары алынып, мұғалімдер шақырылды (Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік архивы ҚР ООА. Қ. 4. Іс. 381. 12-23 п.).

XIX ғасыр аяғындағы Шығыс Қазақстандағы мектеп жүйелерінің көпшілігі Уфа қаласындағы Ғалия медресесіне ұқсас ұйымдастырылған еді. Бұндай мектептердің оқытуы негізінен діни тұрғыда өтетін. Оның алғашқы мұғалімдері Уфаның башқұрттары мен Қазанның татарлары болды. Мектепте оқитын қазақ балалары үшін интернат ұйымдастырылып, мұғалімдерге пәтер беріледі. Ал олардың жалақысын оқушылар төлейтін болған. Аталған санаттағы мектептер патшаның қазақ даласындағы мектептер санағынан құпия түрде тізімге ілінбей қалып отырған.

Семей уездінің шенеуніктерінің мектептер ашу мәселесі жөнінде болыстықтарда өткізілген съездер туралы Көкпектінің бөлімшелік приставаына жолдаған рапортындағы баяндамада мектептердің дәл сол кезеңде қазақ өміріне аса қажеттілігі жоқ екенін хабарлайды. Ол қазақ: «Мектеп салу, тақсыр, жақсы ой, бірақ дәл қазір ол бізге қатты қажет емес-ау. Біз әлі өзіміздің отырықшы немесе көшпелі болатынымызды білмейміз, алдағы 3-4 жылда қайда тұратынымыз да белгісіз. Отырықшылыққа көшу керектігін де көре алмай отырмыз: барлығымызға жерде жетпейтін шығар. Көшпелі болып қала беруіміз де қолымызда емес, шабындық та аз, бүгінгі барымызды ертең тартып алуы да мүмкін. Бір ғана малмен қайда барамыз. Қыс бойы біз малымызды жалға Қытай жерінде бақсақ, жазда да өз жерімізге ақы төлейміз. Бізден мемлекеттік бөлімшелер де, орыс шаруалары да, кімнің қолынан келсе, солардан салық алады. Барлығы заң негізінде талап етеді. Жайлауға көшкенше дейін, мемлекеттік жерге деп қаншама ақша төлейміз. Бұның барлығы біздің бір нәрсеге сенуімізге қорқыныш әкелді және өзіміздің келешегіміз не болатынын білмейміз»-деп жазған (Можаровский, 1870:183).

Сонымен, орыс білімі Қазақстанға негізінен Қазақстанның Ресейге қосылған кезінен кейін өріс ала бастады. Қазақ жерінде мектептер ашудың тағы бір себебі далалық облыстағы шеткері халықтар мен шаруашылық міндеттерді атқару үшін орыс тілі мен білімін меңгерту қажеттілігі туындады. Жергілікті халықтың балалары орыс білімін айтарлықтай меңгермесе, орыс әкімшілік аппараты тарапынан оларға белгілі бір міндетті тапсырмалар беру мүмкіндігі де шектеулі болды.

«Семипалатинская жизнь» газетінің XX ғасырдың басындағы деректер сандарында аймақтағы білім беру жағдайы жиі жарияланып отырды. Мысалы: «Дегенмен де патша үкіметі ашып отырған жаңа орыстандыру саясатын жүргізетін аппараттық мектептерге көшпелі қазақ халқының балаларын бірден жаппай бере салмағандығын, бірақ оған қарамастан патша үкіметі көшпелі тұрғындарға арналған мектептерін жер-жерлерде ашып жатты. Мектептердің қазақ ауылдарынан алшақ орналасуына және тағы да басқа да себептерге байланысты мектептердегі балалар саны мардымсыз болғандығын» жеткізіп отырған (Граменицкий, 1908:29). Әдетте Өскемен, Семей, Зайсан, Павлодар уездерінің ауылдар жанындағы мешіттерде мұсылман мектептері болды. Бұл мектептерде хат тану, оқу мен қатар бес рет намаз оқу меңгертілді. Бірақ аса маңызды көңіл бөлінген мәселе - ол құран оқу, діни дастандар оқу және арифметикаға көңіл бөлу. Қалалық аймақ жанындағы мектептердегі

оқушыларда арнайы дәптерлер болғандығы жөнінде деректер сақталған. Олар негізінен ерекше жазуға арналған дәптерлер болды. Теологиялық пәндермен қатар Фараиз жүйелі түрде оқытылды. Фараиз деп отырғанымыз жеке мүлікті бөлу жөніндегі заңдар жинағы. Сонымен қатар, Усул фиках-фруспруденция, Хикмет-тарихи энциклопедия, философия, жаратылыстану, Наху -араб грамматикасы, Монтых-логика пәндері оқытылды. Сақталынған деректерде көптеген Шығыс аймақтағы медреселерде географиялық карталардың болғандығы аталып өтіледі. Бірақ оқушылардың материалдық жағына қамтамасыз етілуі әрқелкі болды. Шығыс аймақтағы медреселерде тұрмыс жағдайларына байланысты оқушылар саны мен оқыту пәндері де түрлі деңгейде болды. Конфессионалдық мектептерде пәндердің әртүрлі болуына байланысты білім беру ақсүйектер мектептеріне қарағанда біршама төменірек болды (Граменицкий, 1908:29).

Білік басындағылар ауылшаруашылық және қолөнер кәсіптік біліміне баса назар аударды. 1880 ж. Омбыда тұңғыш жекеменшік ағарту қоғамы «Попечение о начальном образовании» ашылды, ол өлкедегі білім беру ісіне елеулі үлес қосты. Мұндай мекемелер Қазақстанның Шығыс аймағында да ашылды.

Сонымен, Шығыс Қазақстандағы халық ағарту ісі аталған кезеңде екі бағытта – діни және азаматтық білім алу бағытында дамыды. XIX ғасырдың екінші жартысында қалалық училищелер, шіркеулік училищелер, кәсіптік гимназиялар, орыс-қазақ және орыс жергілікті халық училищелері мен мектептері, ауыл және бастапқы сауат ашу мектептері ашылды.

Осы жағдайларды ескере отырып, Семей қаласының әкімшілік басқару органдарында уездік училище ашу жөнінде мәселе көтерілді. Бұл уездік училищені ашу үшін төменгі класты немесе прихоттық училищені қоса отырып ашу мәселесі ұсынылды (Тажибаев, 1965:164).

Сонымен қатар оқу орындарында белгілі бір тәртіптер орындалуы қажет болды. Мысалы, Семей облысына қарасты гимназия, семинария және т.б. оқу-ағарту орындарының оқушылары оқу мекемесіне тіл тигізсе оқудан шығарылатын болған. Ол жөнінде бүкіл облыстағы оқу орындарына халық ағарту министрлігі қарамағындағы Батыс Сібір оқу округінен арнайы хат келіп отырған. Мұндай оқушыларды аймақтың басқа оқу мекемелері қабылдауға құқығы болмады. Бұл заң 1867 жылы мамырда халық ағарту министрі тарапынан қабылданды. Осы заң негізінде білім ордаларынан бірнеше оқушылар шығарылды. Мысалы: Қарқаралы уезінен Иван Ковтун осыдай себеппен оқудан шығарылды. 1911 жылы халық ағарту министрлігі тарапынан П. Казанцевтің Букварі және бірінші класта кластан тыс оқытылатын Сытин типографиясынан шығарылған оқулықты айналымнан алып тастау жөнінде нұсқау берілді. Патшалық Ресей тарапынан П. Казанцев саяси тұрақсыз тұлға деп танылды.

1863 жылы құрылған Өскемен үш класты училищесі 1881 жылы қалалық үш класты училище болып қайта құрылды. Ол қоғамдық үйде орналасты. Бұл училищенің инспектор болып мұғалімдер институтының курсы бітірген А.И. Михайлов тағайындалып, алғашқы оқытушысы Омбы мұғалімдер семинариясын бітірген Г. Псариев болғандығы көрсетілген.

Ал мұндай уездік училищені Семейде ашу жөніндегі шешім 1831 жылы қабылданды. Уездік училищені ашу жөніндегі рұқсат 1833 жылы 18-ші шілдеде рұқсат беріліп, 1833 жылы 18-ші қыркүйекте ашылды.

Алғашқы уездік училищенің ашылуы Семей өңіріндегі білім ордасының ашылуындағы маңызды қадам болды. Бұл білім ордаларының ашылуы тек орыс тұрғындарының балалары ғана емес, қазақ балаларының білім алуына да тиімді қызмет атқарды. Жаңа білім беру мекемесінің ашылуы барысында қала мен округ халқы өз балаларын біліммен сусындатуға, ғылым үйренуге мүмкіндік алды. Ал мұсылман қауымы училищенің ашылуы кезінде 90-нан аса татар, 8 ташкенттік, 90 қырғыз мешітерінде білім алып жатқан балаларын біртіндеп орыс бөліміне бере бастады. Училищені ашу барысында қиындық туғызған мәселелер қатарына оның қаржыландырылуы мәселесі болды.

Қала тұрғындарының қалалық училищені қаржылай қамтамыз етуге біршама мүмкіндіктері бар еді. Бірақ Шығыс аймақтағы тұрғындардың, әсіресе ауқатты мұсылмандардың көпшілігі өз балаларын медреселерге бергендіктен, мұндай қаржыландыру

іс-шарасына бірден кірісіп кете алмады. Осындай жағдайлар патшалық Ресей тарапынан жаңадан ашылған мектептердің әрі қарай өрістеуіне кедергілер де туғызып отырған. Уездік училищені ашу барысында әкімшілік аталған оқу орнын қаржыландыруды қалалық тұрғындар тарапынан емес, қалалық кірістен қамтамасыз етілуін жоспарға енгізді. Сөйтіп, қалалық қаржы тарапынан училищенің жұмыс істеуі, мұғалімдердің еңбек ақысы төленуі қолға алынды.

Училище мекемесін сатып алу үшін қалалық бюджеттен 491 сом, 20 тиын қаржы бөлінгендігі жөнінде мұрағат деректерінде құжаттар сақталынған. Уездік училищеде сабақ тек орыс тілінде ғана жүргізілмей, тұрғындардың өтініші бойынша татар тілі де қосымша жүргізілген.

1833 жылғы бекітілген Оқу мекемесінің ережесіне сәйкес уездік училищеге қабылдау үшін оқуға қабылданушылар оқып, жаза білулері міндетті болды және арифметиканың 4 негізгі ережелерін меңгерулері қажет болды. Бірақ осы кезеңде Семейде уездік училище талаптарына дайындық жүргізетін приходтық училище болмаған. Сондықтан, қалалық училище ашылғаннан кейінгі жылдары бір мезетте приходтық училище де ашылды.

Н. Абрамовтың «Областной город Семипалатинск» атты еңбегінде сол жылдары осы оқу орнында 110 адам оқыған баяндалады (Абрамов, 1900:147).

1833 жылы осы училищенің оқытушысы болып, Тобыл оқытушылар семинариясын аяқтаған курган мешанының баласы Петр Худяков тағайындалды. Бұл деректі келтіруіміздің себебі, Семейде осы кезеңде мұғалім кадрларын дайындайтын арнайы мекемелердің болмағандығын көрсету еді.

Аймақтағы балалардың көпшілігі, атап айтқанда, XIX ғасырдың 60-шы жылдары 120-дан астам бала арнайы үйлерде, әсіресе, шенеуніктер балалары білім алған. Аймақтағы казак балалары үшін арнайы 20 балалық мектеп станицада орналасты. Онымен қатар қалада 1859 жылы 1 штаттық бақылаушы және 3 оқытушыдан құралған үш класты училище ашылды. Онда осы жылы 50 шақты бала білім алды.

Кейіннен жаңа казак приходтық училищелері бой көтере бастады. Мұсылман балаларына арналған арнайы мектептер мешіттер жанынан ашыла бастады. Мұндай мектептердің көпшілігі негізінен XIX ғасырдың 50-ші жылдарында бой көтерді. Аталған мектептерде қазақ балалары жылына 3-4 ай мерзімінде ғана білім алды. Қазақ-орыс қатынастарын сипаттайтын «Казахско-русские отношения в XVIII-XIX веках» атты жинақта орыс-азияттық мектептерде негізінен оқуға деген талпынысы барлық адамдар құқылы болды. 1857 жылдың 3-ші шілдесінде осы мектептерге байланысты арнайы қаулы шығарылды.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін Шығыс аймақтағы мектептерде 372 оқушы білім алды. Бұл өлкедегі әр 977 тұрғынға бір оқушыдан айналды. Ал 1861 жылғы Сібір қырғыздары облысының есебі бойынша өлкеде барлығы 14 орыс-қазақ мектептері болды. Олардың оқушылары саны да өте аз болды. Аталған кезеңде Сібір қырғыздары облысындағы 271715 қазаққа (облыстағы барлық тұрғын саны 298533) және Семей облысындағы 177414 жергілікті тұрғынға бір ғана Омбы қазақ мектебі қызмет етті (мектептегі оқушылар саны 20-дан аспады). Бірақ бұған қарамастан аймақта сауаттылыққа деген халық сұранысы артып, соның негізінде аймақта мектептер саны жыл санап өсе бастады. 1863 жылы бір Семей қаласындағы училищелер мен мектептер және ондағы оқушылар құрамын төмендегі кестеден (Кесте 3) көре аламыз: (ҚР ООА. Қ. 64. Т.1. Іс. 5938. П. 9-10 п.).

Кесте 3 – Семей қаласындағы училищелер мен мектептер және ондағы оқушылар құрамы

Училищелер атауы	Училищелер саны	Оқушылар саны
Уездік училище	1	73
Уездік училище жанындағы әйелдер мектебі	1	78

Приходттық училище	2	106
Казак училищесі	14	231
Жеке татар мектептері	9	479
Барлығы	25	917 адам

Семей қаласындағы әйелдер мектебі 1864 жылы уездік училище жанынан қайта ұйымдастырылып, 2 разрядты әйелдер училищесі болып аталды. Бұл 1871 жылдан бері гимназия деңгейіне көтерілді. XIX ғ. аяғында қазақ ұлдарына арналған барлық интернатқа 1894 ж. 30-шы мамырындағы Жоғары мәртебелінің бұйрығымен «бастапқы ауыл шаруашылығы негіздері» дәрежесі берілді. Оқушылар қатарына қазақтармен бірге православие дініндегілер де қабылданды. Билік басындағылардың ұйғаруынша, «интернаттар көшпенділер үшін тиімсіз, тіпті пайдасыз» деген. Сол себепті, генерал-губернаторлықта ауыл шаруашылық мектептері қазақтарды отырықшылыққа ауыстыруда, отырықшыл жер шаруашылығын игеруде өте тиімді деп саналды.

Сондықтан, дала өлкесінің генерал-губернаторы Г.А. Колпаковский интернаттарды бастапқы ауыл шаруашылық мектептеріне түрлендіру жөнінде ерекше комиссия құрды. Ұлдарға жергілікті тұрғындар арасында кең таралған ауылшаруашылығы кәсіптеріне, қыз балаларға әйел кәсібін үйрететін болды.

Павлодар ауылшаруашылық мектебі 1898 жылдың аяғында ашылды, ол дала генерал - губернаторы облыстық земство сомаларынан жіберілетін 3.400 рубльге және жер шаруашылығы департаменті жеке құрам мен оқу құралына бөлетін 1950 рубльге қаржыландырылатын болды.

Семей облысындағы патшалық Ресей тұсындағы ерлер гимназиясының әрбір класс оқушыларына демалыс билеті беріліп отырған. Ол негізінен 20-шы желтоқсаннан 7-ші қаңтарға дейінгі уақыты көрсетіліп, 1885-1895 оқу жылына беріліп отырған. Мерзімі біткен кезде билет класс жетекшісіне кері қайтарылған. Демалыс кезеңдерінде оларға арнайы ережелер белгіленген. Өскемен ерлер прогимназиясының ережесінде де демалыс кезеңіндегі оқушыларға қойылатын талаптар берілген. Біріншіден, оқушылар демалыста болған кезде тәрбиеленіп жатқан гимназия атына кір келтірмеуі керек. Екіншіден, билет оқушының мекен жайында, немесе тұрғылықты жердің полиция учаскесінде, ия болмаса жергілікті жердің оқу мекемесінде тіркелуі тиіс болды. Үшіншіден, оқушы билетсіз демалысқа кететін болса, гимназиядан шығару шарасы да қолданылды. Төртіншіден, билет класс тәрбиешісі немесе жетекшісіне тапсырылуы шарт болды. Бесіншіден, егер оқушы ауырса, немесе жанұя жағдайына байланысты уақытында гимназияға орала алмайтын болса, ата-анасы гимназия инспекторына заңды куәлік беріп, хабарлауы тиіс болды. Сонымен қатар, гимназияға жіберілген күні билетте көрсетілуі керек. Мұндай қатал талаптар жергілікті жерлердегі оқу орындарындағы оқушылардың сандық құрамын сақтауға бағытталса, екіншіден білім саласында талапты күшейте отырып, отарлау саясатын енгізу үшін көшпелі халық балаларына білім беруді тереңдете жүргізуді мақсат етті.

1894 ж. Семей ерлер гимназиясында 30 бала оқыды. Оқушылар тізімімен танысу барысында көптеген жергілікті халақ балалары миссионерлік саясат нәтижесінде орыс фамилиясын алғандығы байқалады. Мәселен, Булатов Семен, Дожкил Владимир деген оқушы есімдері де кездеседі. Осы гимназияның 1894-1895 жылдардағы инспекторы М.Рябинин болды. Патшалық Ресей өз саясатын жүргізу мақсатында 9-шы тамызда орыс тілінен, 10-шы тамызда арифметикадан, 12-ші тамызда құдай заңдарынан талапкерлерге емтихан тапсырып, бірінші класқа гимназияға қабылдады. («Орталық мемлекеттік архив» Республикалық мемлекеттік мекемесі. ОМАРММ қ. 3, т.1, іс. 696, - 32 п).

XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Қазақстан мен оның басқа аудандарындағы сауаттылық өте төмен деңгейде болды. Осы аймақтағы халық-ағарту саласы жөнінде төмендегі деректер беруге болады: 1898 жылы Семейде ерлер және әйелдер прогимназиясы, 2 ауылшаруашылық мектебі, бес класты және үш класты қалалық училище жұмыс атқарды. Зайсанда ауылшаруашылық, приходттық қалалық және әйелдер приходттық училищесі, Өскеменде ауылшаруашылық училищесі, қалалық бес класты, үш класты училищелер,

Павлодарда қалалық бес класты, үш класты училищелер, әйелдер приходтық училищесі, Көкпектіде әйелдер қалалық және шіркеу приходтық училищесі болды.

1897 жылы Қазақстанда алғаш рет халық санағы өткізілді. Мұның қорытындысы бойынша Зайсан және Павлодар қалаларында сауаттылық біршама деңгейге көтерілгені байқалды, ал өте төмен көрсеткіштер Семей және Көкпекті аймақтарында болды. Шығыс Қазақстан аймағында сауаттылықтың пайыздық көрсеткіші 28-ге жетті. Жалпы алғанда, бұл санақтың қорытындысы бойынша жас көлемі бойынша Шығыс Қазақстандағы сауаттылық бойынша Ж. К. Қасымбаев мынандай деректер келтіреді (ҚР ООА. Қ. 503. Т.1. Іс. 16а. 8 п.): (кесте 4).

Кесте 4 – 1897 жылғы Семей облысындағы халықтың сауаттылық деңгейі

Жасы	Ер адам	әйел адам
10 жасқа дейін	7,6	5
10-19 жасқа дейін	78,6	32
20-39 жасқа дейін	41	23
40-49 жасқа дейін	37,3	13
50-59 жасқа дейін	33,5	11,2
60-69 жасқа дейін	28,4	10,8
70-79 жасқа дейін	27,9	8,8
80-89 жасқа дейін	22,7	5,8

1885 жылға дейін Семей облысында халық училищесінің инспекторы лауазымы болған жоқ. Бастауыш білім беруді қадағалау облыстың штаттық бақылаушысына берілген болатын. Штаттық бақылаушы Семей облысының уездік училищесінде орналасты. Оның басты міндеті оқытушылардың мінез- құлқына, оқушылар мен қарым-қатынасы, оқушылардың үлгерімін бақылауға алып отыру сияқты міндеттерді алға қойды. Бақылаушы бүкіл облыс бойынша сыныптардағы емтихан барысына жауап берді. Семей қаласының өз басындағы оқу мекемелерінде күн сайын бақылаушы тарапынан тексеріс жүргізіліп, ал қаладан шеткері аймақтағы білім беру орындарын айына екі рет тексеріп отырған. 1885 жылы Семей облысында қалалық училищелер инспекторы лауазымы тағайындалды. 1906 жылы училищенің директоры сайланды. Осы кезеңде Семей облысы екі инспекторлық бақылау қарамағында болды. Бірінші инспекторлық бақылау қарамағына – Семей, Павлодар.

Қалалардағы ерлер мен әйелдердің сауаттылығы жөніндегі жоғарыдағы деректер 10-19 жас аралығында аймақтағы ерлер арасындағы сауаттылық деңгейі біршама көтерілгенін айқындайды.

Қарқаралы уездері қарасты болса, екінші инспекторлық бақылауға - Өскемен, Зайсан уездері енді. Оның негізгі мекемесі Өскемен қаласында болды. Семей облыстық халық училищелері инспекторы генерал губернаторына жолдаған хатында: «Облыста 800 мыңнан астам балалар 8-11 сыныптарда, оның 110-дай оқушысы тек орыс-түзем мектептерінде оқып жатқандығын» хабарлаған. Осы инспекторлық басқару мәліметіне сүйенсек, Семей облыстық халық инспекторы одан әрі «жақсы жабдықталған мектепте 15 баланы оқыту үшін 1555 сом қажет, интернаты бар мектептерді салуға қаражат жетпейді, сондықтан да жергілікті халықтың балалары сыныптан тыс қалып отыр», - деп хабарлай келе, «тығырықтан шығу жолы - арзан ауыл мектептерін салу», - деп кеңес береді. "Мұны көшпелі жұрттың қалың бұқарасын мұсылман молдаларына қалдырып қоямыз. Бұл жайт мемлекет мүддесіне және де халық-ағарту ісіне сәйкес келмейтіндігі түсінікті. Келеңсіз әрекеттерге жеткізбеудің жолы қазақтарды орыс-түзем оқуына көбірек тартуда деп ойлаймын. Ал, орыс-түзем мектептерінің саны облыста санаулы. Орыс-түзем мектептері көбіне далаларда, немесе мұсылман қоныстарында орналасқан, онда орыс оқушылары болмаған. Қазақ балалары қалалардағы орыс балаларымен таныс емес, оларға жергілікті халық тілін үйрететін мұғалімдер жетіспейді.

Алдағы уақытта, Жоғары мәртебелім, сіздің «бұратана халыққа орыс тілін, ал орыс оқушыларына түземдіктер тілін үйрету қажет» деген нұсқауыңызды жүзеге асыру жолында шаралар істеледі деп сендіремін",- деп баяндайды Семей облысының халық училищелерінің инспекторы.

Аймақтың барлық жерлерінде одан әрі орыс-түзем мектептерін ашу ісі көзделді. XIX ғасырдың аяққы кезеңінде Өскемен уезінде жеті орыс-мектебін ашу жоспарланды. Алайда, 1898 жылы мектеп үйлеріне қаражат жетіспегендіктен тек қана үш мектепті ашу мүмкін болды. Бұл тарихи кезеңде отарлық саясаттың езгісінде болған қазақ халқының басынағы жағдай еді. Дегенмен де, жоғарыда келтірілген деректерде Қазақстанның шығысындағы қалаларда білім беру мекемелердің жұмыс қызметі, уездер мен уездік қалалар халқының білім деңгейінің көтерілгендігін көрсетеді. Бірақ, осы жетістіктердің өзі орталықтың тікелей араласуымен, олардың ұстанған бағыттары негізінде жүзеге асырылды.

Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде «Қазақстандағы халыққа білім беру мен сауаттандыру ісі өте төмен жағдайда болды» деген пікірлер кеңестік дәуірде де өріс алған еді. Әіресе, мұсылманша сауаттанғандар тарапына қатысты мәселеде әділетсіздік белең алды. «Мұсылман тұрғындары арасындағы сауатты адамдар, көбінесе, орысша сауаты бар, жаза алатындар діни қызметкерлер, қазақ шенеуніктері мен феодалдардың арасында болды» деген пікірлер зерттеушілер еңбектерінде басым болды.

Шығыс Қазақстан аймағындағы білім беру және оқу-ағарту саласының қалыптасу алғышарттары патшалық Ресей саясатын жүгізу барысында қажетті жұмыстарды атқара алатын хат таныған, жаза, сыза білетін адамдардың қажеттілігінен туындады.

XIX ғасырдың екінші жартысында Шығыс Қазақстан аймағында сол кезеңдегі билік талабын орындау, әрі орыс мәдениеті мен дінін аймаққа енгізу мақсатында мектептер, училищелер, гимназиялар, орыс-қазақ, орыс тілді мектептер, приходттық, ауылшаруашылық училищелер бой көтерді.

Қоғам дамуының қай кезінде болмасын, білімнің орны мен арқалар жүгі ерекше болған. Революцияға дейін Қазақстанның Шығыс аймағындағы Семей, Өскемен, Зайсан, Аякөз, Көкпекті қалаларында халыққа білім беру ісі және халықтың сауаттылығы Қазақстанның басқа қалаларындағы сияқты төмен жағдайда болды.

XIX ғасырдың екінші жартысындағы әлеуметтік-экономикалық жағдай Семей, Өскемен, Павлодар қалаларның өркендеуіне өз әсерін тигізді. Қалаларда сауатты адамдарға деген сұраныс күн сайын арта бастады. XIX ғ. 50-ші жылдарынан бастап мектептер ашу ісі жандана бастады. Семей қаласындағы барлық оқушылар саны 917 ғана адамды құрады. 1864 жылы әйелдер мектебі екінші разрядты училище дәрежесіне көтеріліп, кейіннен гимназия болып құрылды.

XIX ғ. 90-шы жылдары төрт класты ерлер гимназиясы, ауылшаруашылық мектеп, әйелдер прогимназиясы ашылды. Бірақ аталған оқу орындарында тек ауқатты адамдар балалары ғана білім ала алды. Өйткені оқу ақысы жоғары болды. Ерлер гимназиясында оқу ақысы жылына 3 сом 36 тиынды құраса, әйелдер гимназиясында 9 сом 3 тиынды құрады (ҚР ООМ. Қ. 503. Т.1. Іс. 16а. 12-13 п.).

Шығыс Қазақстандағы мектептердің даму тарихының өткен XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басындағы түрлі кезеңдері мен құрылымдық деңгейлерін зерделесек, қайталанбас асыл мұралар бар. Бұл мұралар осы уақытқа дейін қазақ жеріндегі мектептердің тарихы жайлы айтылған кері пікірлер мен қазақ өлкесінде жүргізілген оқу-ағарту жүйесінің дамуы жөніндегі ойларды жаңаша мәліметтермен толықтыратыны күмәнсіз. Қазан төңкерісіне дейін Ресейлік патшалықтың отарлау саясатының бодауында болған, қазақ ұлтының даму тарихын әсіресе, жас ұрпаққа білім беру барысында өзіндік із қалдырған түрлі оқу мекемелері мен білім беру орындарын толығымен жоққа шығаруы, бастауыш білім берудегі кадимі, жадидтік, ұлттық мектептер мен медреселерді өздеріне тәуелді етуі өткенімізді бұрмалауға апарды.

Көрсетілген тарихи мерзімде Шығыс Қазақстан жерінде бастауыш мектептің дамып, қалыптасуын, мектептің жаңа типтері, олардағы білім мазмұны, мектеп қажеттерінің елеулі

өзгеріске ұшыраған уақыттарын деректі мұрағат құжаттарына сүйене отырып, екі кезеңге бөліп қорытындылауды орынды көрдік.

Бірінші кезең (1861-1890 ж.ж.) отаршылдардың оқу-ағарту саласындағы жұмыстары, бастауыш орыс, орыс-қазақ (орыс-түзем немесе аралас) мектептерінің пайда болуы және олардың мұсылмандық ескі оқу жүйедегі оқу орындарымен қатар дамуы.

Екінші кезең (1891-1916 ж.ж.) бастауыш орыс-қазақ мектептері қызметі барысында әр халыққа білім беруді ана тілінде ұйымдастыру мәселелері және мұсылмандық жаңа оқу жүйесі жадизмнің қалыптасып дамуы мен қазақ ұлттық бастауыш мектептерінің іргетасының қалануы.

XIX-ғасырдың екінші жартысынан бастап Шығыс Қазақстан өлкесіндегі мектеп жүйелерінің құрылысы өзгерістерге ұшырай бастады. Бұған бірнеше себептер негіз болды. Олар: біріншіден, қазақ жерін отарлау, қазақтарды орыстандыру мақсатындағы патша өкіметінің саясаты және орыс, орыс-қазақ мектептерінің құрылуы; екіншіден, осындай тарихи құбылыстардан қазақ даласындағы араб тілінде білім беретін ескі (қадими) жүйедегі мектептерде білім беру тілінің татар тіліне ауысуы; үшіншіден, ескі жүйедегі мектептердің оқу бағдарламасына орыс тілінің енуі; төртіншіден, қазақтарды орыстандыру барысында балаларға арналған оқулық, оқу құралдары мен әдеби кітаптардың баспа бетінен орыс әрпімен қазақ тілінде жазылуы.

Ресей үкіметінің оқу ағарту министрлігінің 1870 жылы 26-шы наурыздағы «Ресейді мекендеуші бұратаналарға білім беру шаралары туралы» заңы қабылданды. Бұл заңның негізінде Шығыс Қазақстанда оқу ағарту жұмысы діни және азаматтық екі бағытта жүргізілді. Діни бағыттағы ескі жүйедегі (қадими) мектептер, медреселер, шіркеу, приход мектептері жатты. Бұндай мектептер өз мүмкіндігінше ұстанған бағыты бойынша балалардың сауатын ашуда айтарлықтай қызмет атқарғаны белгілі. Ал, азаматтық сипаттағы мектептер қазақ өлкесінде XIX ғасырдың екінші жартысынан бастау алып дамыды. Олардың қатарында азаматтық мектеп, қалалық училищелер, кәсіптік гимназиялар, орыс, орыс-қазақ және жадидтік мектептерді жатқызуға болады. Мұндай оқу орындары көптеп ашылды, онда қызмет атқарған мұғалімдер Ресейдегі жоғары оқу орындарын бітіріп келгендер мамандар еді.

Мектептерде қолданыста болған оқыту әдістері: сауаттау әдісі, дыбыстық әдіс, тұтас сөз әдісі, буындап оқу, өз бетінше іштей және дауыстап оқу, оқығанын баяндап беру, жаттау әдісі, араб, парсы сөздерінің аудармасын түсіндіріп беру әдісі, аударма (орысшадан қазақшаға, қазақшадан орысшаға, т. б. мектеп типіне байланысты) әдісі, сөздік әдісі, сұрақ-жауап, әңгіме, көрнекілік әдісі, жалқылау (айырыңқы) әдісі, жалқылау-жалпылау әдісі, т. б (Абай облысы мемлекеттік архиві (АОМА) Қ. 50. Т.1. Іс. 554. 24, 16, 18 пп.).

**Шығыс Қазақстандағы оқу-ағарту мекемелерінің
типтері және олардың білім беру бағыты**

**I. Діни білім беретін бастауыш
мектептер.**

1. Мұсылмандық ескі жүйедегі мектеп. араб тілі, бастауыш, алғашқы білім беру сатысы, оқу орны.
2. Діннің қарапайым негіздерін (дұға, құран оқу, т.б.) үйрететін оқу орны.
3. Орыстардың шіркеулік діни мектебі.
4. Приходтық мектеп.

**II. Азаматтық білім беретін бастауыш
мектептер.**

1. Прогимназия-гимназияның бастауыш білім беру сатысы.
2. Реалдық училищелер.
3. Орыс мектебі.
4. Орыс-қазақ (орыс-түзем) мектебі.
5. Қалалық училище.
6. Болыстық және ауылдық мектептер.

Мұсылмандық дүниетанымға үйрету мен баулу, білім мен тәрбие беруге негізделген оқу мекемелері, әсіресе, мұсылмандық ескі мектептер жөнінде сөз қозғасақ, бұл мектептер (бәд-әл-мағариф - араб т.) балалардың бастауыш білім (көп жағдайда аталуы ибтида, араб т. - бастауыш, алғашқы) алуының алғашқы сатысын қамтитын оқу орны болған. Бұл мектептер христиандардың приходтық училищелері, еврейлердің хедері, көне-жапондық бастауыш мектептерімен ұқсас еді. Мұндай мектептердің негізгі мақсаты балаларға діни ережелерін үйрететін және мұсылман адамдар арасындағы қарым-қатынас жасау ережелерін орындауға баулитын. Аталмыш мектептерде 6-14 жас аралығындағы балалар оқитын. Дегенмен, мұсылмандық мектептердің көпшілігінде балалардың ұлтына қарай ақындардың поэзиялық шығармалары ана тілінде оқытылды, сондай-ақ, арифметика мен жазуды үйретті. Алған білімдерін олар кейіннен жеке сауда ісінде, немесе аудармашы яки көшірмеші мамандығына пайдаланса, кейбіреулері осындай бастауыш мектептерді бітіргеннен кейін үлкен қалалардағы атақты медреселерде оқуын жалғастырып жатты.

1870-1890-шы жылдарындағы аймақтағы білім беру мен ағарту саласындағы саясат жаңа мектеп уставтарының қабылдануымен ерекшеленді. Атап айтқанда, 1871 жылы гимназиялар мен прогимназиялар уставы; 1872 жылғы реальдық училищелер уставы; 1874 жылы бастауыш халықтық училищелер туралы жаңа ережелер; 1884 жылғы университет уставы, шіркеулік-приход мектептері туралы ережелер қабылданды. Онда мектеп түрлері және олардың тәрбие мен білім берудегі ұстанымдары анықталған болатын (ҚР ООМ. Қ. 64. т. 1, іс 57, 1 п.).

1864 жылы гимназиялар мен прогимназиялар уставы бойынша Шығыс аймақта гимназиялардың классикалық және реалдық екі түрі бекітілді. Классикалық гимназиялар оқушыларды университеттерге және басқа оқу орындарына бағыттап, көптеген көне тілдерді, орыс сөз өнерін, жаңа шетел тілдері мен тарихты оқуға баулыды. Қазақстанның Шығыс аймағындағы реалдық гимназияларда азаматтық және әскери қызметке дайындап, көне тілдердің орнына математиканың төрт амалын оқытуға баса назар аударылып, заңтану сабағы енгізілді. Прогимназия - гимназияның бастауыш сатысы болып табылады. Гимназиядағы педагогикалық оқыту бағдарламаларын бекітуге, оқулықтарды таңдау құқығы берілді. Гимназиялар мен прогимназиялардың барлығы ақылы болды. Бастауыш пен орта мектеп аралығында ешқандай сабақтастық ескерілген жоқ.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, XIX ғасырдың екінші жартысы Қазақстан тарихында бетбұрысқа толы кезең болды. Бұл кезең Қазақстанның Ресейге толықтай қосылуымен ерекшеленеді. Патшалық Ресей өзінің жер мәселесіне байланысты отарлауына толықтай қол жеткізіп, енді білім беру саласына қатысты өзінің реформаларын іске асыруға және жаңа бағыттағы білім беру орындарын ашуға негіз жасай бастады.

Ресей империясының басты мақсаты жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынас орнатып, оларды орыстандыру екеніне тоқталғанбыз. Патша әкімшілігі қазақтардан өздеріне қызмет ететін шенеуніктер дайындау үшін арнайы орыс-қазақ мектептері – училищелер ашты. Өздері оқытқан кадрларды жұмысқа тарту арқылы қазақтар арасындағы сұлтандардың беделін төмендетуді көздеді және руға бөлінушілікті әлсіретуді, мұсылмандық мектептердің өсуіне шектеу қояды нысана етті. Сонымен, Ресей құрамада болған Қазақстанның Шығыс аймағындағы білім беру XIX ғасырдың екінші жартысындағы білім беру саласындағы Патша үкіметінің саясаты шеңберінде дамыды. Осы кезеңде отарлаудың жаңа бағыты – рухани отарлау терең белең ала бастауы нәтижесінде орыс қазақ, орыс-түзем, шіркеулік приходтық мектептер Шығыс Қазақстанда бірінен кейін бірі ашыла бастады.

Білім берудің аталған кезеңдегі негізгі бағыты патшалық Ресей саясатын жүзеге асыратын мамандар даярлау және өздеріне қызмет етуге қолайлы азаматтарды тәрбиелеу еді.

Пайдаланған әдебиет

Ядринцев Н.М. Сибирь как колония в географическом, экономическом и историческом отношении. - Спб., 1892.- 552-555 с.

Алекторов А.Е. Из истории образования среди киргизов Акмолинской и Семипалатинской областей // Журнал Министерства народного просвещения. -1905.-Т. XII Ч. – 362 с.

Обзор Семипалатинский области за 1903 г. – Семипалатинск, 1904. – 77 с.

Обзор Семипалатинской области за 1911 г. – Семипалатинск, 1912. – 112 с.

Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии: Путевые заметки. - Спб., 1913.-90 с.

Ядринцев Н.М. Сибирь как колония в географическом, экономическом и историческом отношении.-Спб., 1892. - 552 с.

Бобровников Н.А. Русско-туземные училища, мектебы и медресы Средней Азии: Путевые заметки. - Спб., 1913.- 90 с.

ҚРОМА. Қ. 4. Іс. 381. 12-23 п.

Можаровский А. Изложение хода миссионерского дела по просвещению казанских инородцев с 1552 по 1867 год. – Казань, 1870. – 183 с.

Граменицкий С.М. Краткая историческая записка об устройстве инородческого образования в Туркестанском крае // Туркестанские ведомости. -1908.- № 52. –29 с.

Тажибаев Т. Педагогическая мысль Казахстана во второй половине XIX века. – Алма-Ата, 1965. – 164 с.

Абрамов Н. Областной город Семипалатинск. – Семипалатинск, 1900. – 147 с.

ҚРОМА. Қ. 64. Т.1. Іс. 5938. 9-10 п.

ҚРОМА. Қ. 3. Т.1. Іс. 696. 32 п.

ҚРОМА. Қ. 503. Т.1. Іс. 16а. 8 п.

ҚРОМА. Қ. 503. Т.1. Іс. 16а. 12-13 п.

Абай облысы мемлекеттік архивік (АОМА). Қ. 50. Т.1. Іс. 554. 24, 16, 18 пп.

ҚРОМА. Қ. 64. Т. 1. Іс. 57. 1 п.

К. Болатова

Alikhan Bokeikhan University, g. Семей, Республика Казахстан

ПРЕДПОСЫЛКИ И РАЗВИТИЕ СИСТЕМЫ ОБРАЗОВАНИЯ И ПРОСВЕЩЕНИЯ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА

Аннотация. В статье всесторонне рассматриваются особенности формирования и развития системы образования и просвещения в Восточном Казахстане во второй половине XIX века. В этот период социально-экономические изменения, колониальная политика царского правительства, а также культурные и духовные потребности местного населения определили предпосылки становления системы народного образования. В исследовании анализируется процесс открытия первых школ, их организационная структура, учебные программы и воспитательная система. Кроме того, рассматриваются методы преподавания в школах и медресе, уровень подготовки учителей и их общественный статус. На основе влияния традиционного уклада жизни и идей просвещения выявляется обновление содержания образования и взаимодействие двух культурных сред. Особое внимание уделено роли учебных заведений в социально-культурной жизни региона, их влиянию на рост национального самосознания, духовное возрождение общества и культурную интеграцию. В статье применены историко-описательный, сравнительно-аналитический и источниковедческий методы, проведён системный анализ архивных документов и печатных изданий. В результате установлено, что в указанный период просветительская деятельность способствовала укреплению народных стремлений к образованию, становлению национальных традиций обучения, формированию местной интеллигенции и развитию региональной культуры. В

статье также рассматривается эволюция понятия «образование», участие женщин в учебном процессе, формирование практик обучения в свободное время и развитие общественных просветительских движений, что позволило выявить взаимосвязь и историческую преемственность регионального и общенационального просветительского опыта.

Ключевые слова: Восточный Казахстан, народное просвещение, образование, Российская империя, исследователь, губернатор, начальные школы, гимназия, приходское училище, библиотека, национальная интеллигенция.

K. Bolatova

Alikhan Bokeikhan University, Semey, Republic of Kazakhstan

PREREQUISITES AND DEVELOPMENT OF THE SYSTEM OF EDUCATION AND ENLIGHTENMENT IN EAST KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE XIXth CENTURY

Abstract. The article provides a comprehensive analysis of the formation and development of the education and enlightenment system in East Kazakhstan during the second half of the 19th century. In this period, socio-economic changes, the colonial policy of the Tsarist government, as well as the cultural and spiritual needs of the local population determined the prerequisites for the establishment of the public education system. The study examines the process of opening the first schools, their organizational structure, curricula, and educational approaches. It also highlights teaching methods in schools and madrasahs, the training and social status of teachers, and the renewal of educational content under the influence of traditional lifestyles and enlightenment ideas, as well as the interaction between two cultural spheres. Special attention is paid to the role of educational institutions in the socio-cultural life of the region, their impact on the growth of national consciousness, the spiritual revival of society, and cultural integration. The article employs historical-descriptive, comparative-analytical, and source-based methods, using archival documents and printed materials for systematic analysis. The study concludes that the educational process of this period strengthened the people's aspiration for enlightenment, contributed to the establishment of national educational traditions, the formation of the local intelligentsia, and the overall cultural development of the region. Furthermore, it explores the evolution of the concept of education, women's involvement in the learning process, the formation of informal learning practices, and the rise of public enlightenment movements, revealing the interconnection and historical continuity between regional and nationwide educational and intellectual developments.

Keywords: Eastern Kazakhstan, public education, schooling, Kazakh region, Tsarist Russia, researcher, governor, primary schools, gymnasium, parish school, library, national intelligentsia.

References

- Jadrincev N.M. Sibir' kak kolonija v geograficheskom, jekonomicheskom i istoricheskom otnoshenii. - Spb., 1892. - 552-555 c.
- Alektorov A.E. Iz istorii obrazovanija sredi kirgizov Akmolinskoj i Semipalatinskoj oblastej // Zhurnal Ministerstva narodnogo prosveshhenija. -1905.-T. III Ch. – 362 s.
- Obzor Semipalatinskij oblasti za 1903 g. – Semipalatinsk, 1904. – 77 s.
- Obzor Semipalatinskoj oblasti za 1911 g. – Semipalatinsk, 1912. – 112 s.
- Bobrovnikov N.A. Russko-tuzemnye uchilishha, mekteby i medresy Srednej Azii: Putevye zametkm. - Spb., 1913.-90 s.
- Jadrincev N.M. Sibir' kak kolonija v geograficheskom, jekonomicheskom i istoricheskom otnoshenii.-Spb., 1892. - 552 c.
- Bobrovnikov N.A. Russko-tuzemnye uchilishha, mekteby i medresy Srednej Azii: Putevye zametkm. - Spb., 1913.- 90 s.
- ҚРОМА. Қ. 4. Іс. 381. 12-23 p.

Mozharovskij A. Izlozhenie hoda missionerskogo dela po prosveshheniju kazanskih inorodcev s 1552 po 1867 god. – Kazan', 1870. – 183 c.

Gramenickij S.M. Kratkaja istoricheskaja zapiska ob ustrojstve inorodcheskogo obrazovanija v Turkestanskom krae // Turkestanskije vedomosti. -1908.- № 52. –29 s.

Tazhibaev T. Padagogicheskaja mysl' Kazahstana vo vtoroj polovine XIX veka. – Alma-Ata, 1965. – 164 s.

Abramov N. Oblastnoj gorod Sempalatinsk. – Semipalatinsk, 1900. – 147 s

ҚROMA. Қ. 64. Т.1. Is. 5938. 9-10 p.

ҚROMA. Қ. 3. Т.1. Is. 696. 32 p.

ҚROMA. Қ. 503. Т.1. Is. 16a. 8 p.

ҚROMA. Қ. 503. Т.1. Is. 16a. 12-13 p.

Abaj oblysy memlekettik arhivik (AOMA). Қ. 50. Т.1. Is. 554. 24, 16, 18 pp.

ҚROMA. Қ. 64. Т. 1. Is. 57. 1 p.

Автор туралы мәлімет

Болатова Каламкас Болатовна – тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Alikhan Bokeikhan University

Сведения об авторе

Болатова Каламкас Болатовна – кандидат исторических наук, ассоциированный профессор, Alikhan Bokeikhan University

Information about the author

Bolatova Kalamkas Bolatovna – candidate of Historical Sciences, Associate Professor Alikhan Bokeikhan University

MPHTI 03.15.00

HOSPITALITY CUSTOMS OF THE GANJA CITY POPULATION

B. Amanova

ANAS Institute of History and Ethnology named after A.A. Bakikhanov

Senior researcher of the "Historical ethnology" department (Baku, Azerbaijan)

E-mail: baharamanova@bk.ru

<https://orcid.org/0009-0007-5011-7820>

Annotation. The article is devoted to the hospitality customs of the population of Ganja, one of the oldest and most prominent cultural centers of Azerbaijan. Ganja is the homeland of the genius poet Nizami Ganjavi, as well as well-known poets and public figures such as Mahsati Ganjavi, Mirza Shafi Vazeh, Ahmad Javad, Javad Khan, Deli Ali, and İsrail Mammadov, whose heroic deeds became legendary among the people. The study highlights the traditions of welcoming guests, providing them with shelter, organizing festive gatherings in their honor, and setting abundant and generous tables as an expression of respect, goodwill, and mutual trust. Special attention is given to the symbolic role of hospitality in shaping social ties, strengthening collective identity, and preserving cultural values within the community of Ganja. At the same time, the article underlines the significance of historical